

Жиренше шешен

Орындаған Сәбитова Ж
Юп-18-1
Тексерген: Жусупова Г.К.

Жиренше (XIV-XV) — аты аңызға айналған дала данышпаны, шешен. Түркі халықтарына ортақ ойшыл. Өмірде болған тарихи тұлға ретіндегі болмысы аз зерттелген. Бірқатар өмірбаяндық деректерінің нақтылығына, шығармашылық стилінің айқындығына және автор ретіндегі есімі ел есінде ғасырлар бойы еш өзгеріссіз сақталғандығына қарамастан, Ж.-ге эпсаналық кейіпкер, жиынтық образ ретінде қарау басым. Шығыс мәдениетінің көне дәуірлердегі өкілдерін персонификациялауға күмәнмен қарауға бейім «евроцентризм» салқыны сезіледі. Тіпті, әдеби лақап (псевдоним) пен жиынтық образ негізінде де шындық жататынын естен шығаруға болмайды. Ж. шешендік сөздері — далалық өркениет тәжірибесінің жарқын көріністерінің қатарына жатады. Терең тағылымды толғамдар өміршеңдікке шақырып, ақыл-ой салтанатын түйсінуге мүмкіндік береді.



Жалпы мағлұмат

Жиренше шешен (туған-өлген жылы белгісіз) — [Қазақ хандығын](#) құрған [Жәнібек хан](#) (15 — 16 ғ-лар) — қазақтың ақыл-парасатымен, тапқырлығымен аты аңызға айналған ділмәр шешені. Аңыз-әңгімелердің дерегі бойынша ол тарихта болған, әз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген кісі, бірақ тарихи шығармаларда Жәнібек ханның төңірегінде ондай адам болды деген дерек кездеспейді. Халық аңыздары бойынша, Жиренше шешен [кедей](#) адам болған. Ол [дербес](#) Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі 15 — 16 ғ-лардан басталатын халық шығармасына немесе әлденеше адамның, бірнеше буынның өңдеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналып кеткен.

Жиренше шешен туралы аңыздарда оның әйелі Қарашаш та ақылды әрі тапқыр жан ретінде суреттеледі.



Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу туралы аңыз

Қарагөз ханым өлгеннен соң Жиренше үйленбей көп жүріпті. Сөйтіп жүргенде жолда бір жігіт кездесіп жолдас болыпты. Жиренше жігітке қара: 1) «жол қысқартайық» дейді,

2) «ағаш қазан қайнатайық» дейді. 3) «мынау бір бейбастақ үйдің жұрты екен» дейді жігіт үндемейді. Сонымен екеуі бір елге жақындағанда, жаңбыр жауып кетеді. Тезек теріп жүрген қыздар ауылға қарай жүріреді. Тек бір қыз сырт киімін шешіп, қапқа жауып отырып қалады. Жиренше отырып қалған қызға келеді. Жиреншеге қыздың көркі ұнайды. Ақылы қандай екен деп сынау үшін: «Сен неге қыздардан бөлініп жалғыз қалдың?» — дейді Жиренше. «Бұл өткінші жаңбыр, аз жауып ашылады. Мен отыныма шапанымды жаптым, отынымның ығына өзім отырдым. Менің су болған жалғыз ақ шапаным. Үйге барғанда отынымды жағып шапанымды кептіріп аламын» — дейді қыз. Қыздың көркіне ақылы сай екеніне көзі жетіп, Жиренше сұлуға ғашық болып қалады.

Жиренше шешен туралы әңгімелерді, негізінен, үш салаға бөлуге болады:

Біріншісінде ол Жәнібек ханның уәзірі, ақылшысы, досы ретінде бейнеленеді

Екіншісінде ханның кемшіліктерін бетіне айтып, ақыл-парасатымен өзін оған мойындата білген әділ адам ретінде суреттеледі.

Үшіншісінде оның өз әйелі Қарашашпен, т. б. қарапайым халық бұқарасы өкілдерімен қарым-қатынасы көрсетілген.



Жиренше шешен жөнінде өзге халықтардың шығармаларында да сөз болады. Түркі-Моңғол, Үнді-Еуропа халықтарының біразының фольклорында да ол туралы әңгіме бар. Қазақ фольклорында бар Жиренше шешен жайындағы аныз әңгімелердің кейбір нұсқалары негізгі кейіпкердің атымен, мысалы, қарақалпақ (Жиренше), қырғыз (Жээренче чээчен), түрікмен (Йикренче) фольклорына ауысқаны байқалады. Жиренше шешен туралы ертегілер, әңгімелер қазақ фольклорында шамамен XV ғасырдан басталады. Онда шешендік сөздің үлгілерімен қатар, тұрмыс-салт ертегілері де бар. Жиренше шешен атымен байланысты әңгімелердің ішінде ең көп тарағаны — оның көркіне ақылы сай, дана қыз Қарашашқа үйленгені.

Жиренше шешен [қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті](#) арқылы халық арасына атақ-даңқы кеңінен жайылған айтулы тұлға. Оның туған жылын, қайсы атадан шыққанын, өмір жолдарын дәл тауып айту мүмкін емес. Өйткені Жиренше шешен [халық ауыз әдебиетіндегі Алдар Көсе](#), [Қожанасыр](#) тәрізді аңызға айналып кеткен фольклорлық бейне. Аңыз бойынша ол Әз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген. Жиренше шешен сол Әз Жәнібектің сарай биі, шешені болғанға ұқсайды. Өйткені халық аузында да, тарихи [шежірелерде](#) де екеуінің есімі қатар аталып отырады

Әз Жәнібектің шамамен 1406-1473 жылдар аралығында [өмір](#) сүргені аян. Бір аңызда аң аулап серуен құрып жүрген Жәнібек жігіт кезінде 7-8 жасар шамасындағы аққұбаша [жетім](#) балаға кездесіп, танысады. Оны үйіне әкеліп, жуындырып өзіне серік етіп алады. Аққұбаша бала өсе келе сол Әз Жәнібек ханның сарай би-шешені боп кетеді. Сонда Жиренше шешен де Жәнібекпен қатарлас, [замандас](#) болып шықпай ма?

Ал, [Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "Шипагерлік Баяны"](#) (1996) Жиреншенің даналық шешен сөздерінен басталады.

Ал, Жиренше шешен жөнінде [Қазыбек бек Тауасарұлы](#) "Түп-түқианнан өзіме шейін" дейтін 1993 жылы "Жалын" баспасынан шыққан (баспаға әзірлеген жазушы [Балғабек Қыдырбекұлы](#)) кітабында былай жазады: *"Бір жетім баланы, [Қарабай](#) қолбала етіп алыпты, - дейді Сенкібай шал, [Сенкібай](#) Төкеңе төрт-бес атадан қосылатын кісі. Төкең сұрастыра келе, қыз кәдімгі Жиренше шешеннің шөбелегі болып шығады. Қыз "Менің әкем Бәкір, оның әкесі [Тілеубай](#), оның әкесі [Атай](#), оның әкесі [Шақ](#), оның әкесі Жиренше" - деп сайрайды"^[3]*. Бұл Жиреншенің өзінен бергі үрім-бұтағы. Ал, шешеннің өзінен арғы ата-бабалары әлі беймәлім.

Жиренше шешен жайлы аңыз

Жәнібек хан [жолға](#) шығар кезде Жиреншемен әрдайым: "Ананы қайтеміз, мынау қалай болады" деп ақылдасып алады екен. Содан соң Жиренше қалай мәслихат жасаса, тіл қатпай, оның дегенін істеуге өмір қылады екен. Бір күні хан асығыстау жолға шығайын деп қызметшілеріне:

- Тез [күйемді](#) дайындаңдар, күймеге қып-қызыл күрең алты нар жегіндер, - деп өмір беріпті. Қызметшілер жылдамдатып алты қызыл күрең нар жегіп, күймені тұп-тура хан шығатын есіктің алдына әкеп қойыпты. Содан соң хан:

- Жиреншені шақырыңдар, меніменен бірге жүрсін, - дейді. Хан қызметшілерінің бірі жүгіре басып Жиреншеге жетіп келеді:

- Ау, Жиренше, хан жолға дайындалып, сізге тез келсін, меніменен бірге жүрсін деп жатыр, - дейді. Сонда Жиренше:

- Ханның жеккені не? - депті.

- Жеккені қып-қызыл алты нар өзір түр.

Жиренше айтыпты:

- Қазір барамын, ханға сәлем айт, күн бұлт екен де, - деп. Содан шақырушы ханға:

- Тақсыр, Жиреншені шақырдым, ханға сәлем айт, қазір барамын, күн [бұлт](#) екен деп айт деді, - дейді.

Айтулы сөздің астарын түсіне қойған хан қызметшілеріне:

- Алты нарды доғарып, күймеге алты [тұлпар](#) жегіндер! - деп бұйырады. Тұлпарлар жегіліп әзір болған кезде Жиренше де келіпті. Сөйтіп хан екеуі жолға шығыпты. Жолда құбыладан қара бұлт көтеріліп [жаңбыр](#) құйыпты. Жер батпаққа айналыпты, соған қарамастан жануарлар сыдырта желіп отырыпты. Сонда Жиренше ханға қарап: - Жылқы малдың [патшасы](#), түйе малдың қасқасы: түйе малының мынадай ми [батпақта](#) жүруі қиын, мен соны ойлап айтқан едім, - депті.

Жиренше шешен жайлы аңыз

Жәнібек хан тағы бір [әңгіме](#) үстінде: - Бұл [дүниеде](#) кімнің төрт құбыласы тең болмақ? - деп сұрайды. Сонда Жиренше шешен:

- Бұл дүниеде жүйрік аты, қыран құсы бар, өзі сұлу, мінезді қатыны, бес атар мылтығы бар жігіттің төрт құбыласы тең болады, ханым, - депті.



Жиренше шешен жайлы аңыз

Хан өзінің нөкерлерімен серуендеп келе жатқанда алдынан сақалы ақ, шашы қара бір адам кездесіп, сәлем береді. Былай шыққан соң хан қасындағыларға қарап:

- Әлгі адамның сақалының ақ, шашының қарасы қалай? - деп сұрайды: Сонда Жиренше:
- Үйде кейінген, түзде тебінген, қатыны жаман, аты шабан бір бейбақ шығар, - депті

Назарларыңызға рақмет

The bottom of the slide features a decorative graphic consisting of several overlapping, wavy bands. From top to bottom, these bands are: a light gray band, a solid black band, a dark gray band with fine diagonal hatching, and a light gray band with fine diagonal hatching. The waves are smooth and flow from left to right across the width of the slide.